Қ.Т.Ә-10-01



Ахмет Байтұрсынұлы- ұлт ұстазы

Ахмет Байтұрсынұлы ұлтының болмысын терең таныған ғалым. Ол өз ұлтының бағы жану үшін өмірдің барлық саласына араласты. Бұған оның атақ пен даңқы әлем баға алады. Жалпыға мәлім Ахмет Байтұрсынұлы мемлекет пен қоғам қайраткері, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, ағартушы, аудармашы, педагог, ұлт ұстазы. Өзінің әдеби шығармалары арқылы қазақ ұлтымыздың ұлт ұстазы бола білді. Ахмет Байтұрсынұлы бұрынғы Торғай уезінің Тосын болысында дүниеге келген. Ол жас кезін білім қуалауға арнады. 1891-1895 жылдар аралығында негізін Ыбырай Алтынсарин қалаған Орынбор жеріндегі мұғалімдер мектебін тәмамдаған.

Ахмет Байтұрсынұлы біліммен өзге сан қилы салада еңбек еткен. Осы салалардың бірі Ахмет Байтұрсынұлының Алаш арыстарының қатарында болуы. Ұлт мәселесі талқыға түскен кезде елді қалай болмасын біртұтас қылуды мақсат еткен Алаштардың есімі еске оралғанда, Ахмет атамызға соқпай кету-үлкен сын. Ахмет Байтұрсынұлы ұлт болмысын сақтап қалу үшін әрбір салаға өлшеусіз үлес қосты.

Осы үлестердің саласында оның ақындық еңбегі көзге түседі. Бала кезінен қазақ ішінде көркем сөз құдіреті жоғары саналатынын көріп, естіп, сезініп өскен. Қалай да халықтың ояту оның санасына, жүрегіне, сезіміне жер ету жолдарын іздеген ақын ұлы Абай тапқан соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсұнады. Өткен ғасырдың басында қазақ даласында мемлекеттілік ұраны оянды. Сан ғасырға отарлықтың жалғасып келуде. Осы бұғаудан босанудың қам-қарекеттері басталды. Осы баянды істің басында қазақ оқығандары тұрды. Солардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы еді. „Жақсының аты өлмейді" дегендей Алаш мұралары біздің ұлттың қазынамызға айналды. Тағы да Ахмет атамыз айтқандай:

„Адамдықтың егінін шаштым, ектім,

Көңілін көтеруге құл халықтың...". Дәл осында айтылғандай Алаш идеясы, мұрасы, еңбектері, өсиеттері құл халықтың көзін ашпаққа керек.

Ахмет Байтұрсынұлы - қазақ ғалымдарының ішінен шыққан тұңғыш әдебиет теоретигі. Ол туралы жазған жазбалар мен кітаптар қазірде қолданыста жүр.

Мінекей, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі сіңген екені бәрімізге мәлім. Жүректі қазақ даласының көзін аша білген Алаш алыптарының бірі Байтұрсыновты қазақ ұмытпаған ұмытпайды да!